

ISSN 1563-0358
Индекс 75881; 25881

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Экономика сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия экономическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Economy series

№2 (108)

Алматы
«Қазақ университеті»
2015



ХАБАРШЫ

ЭКОНОМИКА СЕРИЯСЫ №2 (108)

ISSN 1563-0358
Индекс 75881; 25881



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Күәлік №956-Ж.

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Садуллаева А.П., аға оқытушы
(Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ермекбаева Б.Ж., э.ғ.к., доцент – ғылыми редактор (Қазақстан)

Қазбекова Ж.Б., Ph.D доктор, доцент м.а. – ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Қазбеков Б.К., э.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Мұхтарова К.С., э.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Мұхамедиев Б.М., э.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Сағиева Р.К., э.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Сұлтанова Б.Б., э.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Арзаева М.Ж., э.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Бордоусов О.В., э.ғ.к. (Қазақстан)

Бобров Л.К., т.ғ.д., профессор (Ресей)

Трифилова А., Ph.D доктор (Ұлыбритания)

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева,

Клара Саркенова

Компьютерде беттеген:

Гульмира Шакк

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мәлдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ №8306

Басуға 04.06.2015 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1312. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

Бәйгісиев М.К.,
Оңдаш А.О.

**Әлемдік экономика
теориясының
жауһарлары**

Мақалада танымал экономист-ғалым, кейнсиандық ілімнің классигі Рой Форбс Харродтың (1900-1978) жұмысында көрініс тапқан экономикалық серпін теориясының мәселелері қарастырылады. Динамиканың логикалық аяқталған экономикалық теориясының өзектілігі мен қажеттілігін Р. Харрод өзінің 1948 жылы жарияланған «Towards a Dynamic Economics» жұмысында негізін салған.

Мақалада алғаш рет мемлекеттік тілде экономика ғылымын дамытуда кейнсиандық көшбасшысы және неокейнсиандық динамика теориясының негізін қалаушы ретінде Р. Харрод еңбегінің жоғары маңыздылығы көрсетіледі. Харродтың экономикалық өсуді талдаудағы негізгі идеялары – жиынтық сұраныстың рөлі жағдайында экономиканың негізгі параметрлерін, сондай-ақ оның өсу факторларын анықтаушы ретінде; экономиканы талдауды шығарылым, капитал қоры, инвестициялар және еңбек сияқты ауыспалылардың өзара әрекетін зерттеу арқылы уақыттан тыс және абстрактілі логикалық постулаттар жазықтығынан нақты практикада пайдаланатын тарихи уақыт жазықтығына ауыстыру; жинақтардың ұлттық табыстың тұрақты бөлігі болып табылатыны туралы жорамалдар, т.б. қарастырылады.

Түйін сөздер: кейнсиандық, экономикалық теория, саяси экономика, неоклассикалық теория, капитал.

Baygisiev M.K.,
Ongdash A.O.

**Treasures of the world
economic theory**

The article deals with the theory of economic dynamics which are put forward in work of the outstanding scientist – the economist, the classical Keynesianism Roy Forbes Harrod (1900-1978). The urgency and necessity of the logical culmination of the economic theory of the dynamics of R. Harrod justified in his work “Towards a Dynamic Economics” published in 1948.

The authors of article attempted for the first time in the state language to show great importance of R. Harrod’s labor in the development of economic science led him to the global popularity as a leader Keynesian and the founder of the neo-Keynesian theory of the dynamics.

Key words: keynesian, economic theory, political economy, neoclassical theory, capital

Бәйгісиев М.К.,
Оңдаш А.О.

**Сокровища мировой
экономической теории**

В статье рассматриваются вопросы теории экономической динамики, выдвинутые в работе выдающегося ученого-экономиста, классика кейнсианства Роя Форбса Харрода (1900-1978 гг.) Актуальность и необходимость логически завершенной экономической теории динамики Р. Харрод обосновал в своей работе «Towards a Dynamic Economics», опубликованной в 1948 году.

Авторами статьи предпринята попытка впервые на государственном языке показать огромное значение труда Р. Харрода в развитии экономической науки, приведшего его к мировой популярности в роли лидера кейнсианства и основателя неокейнсианской теории динамики.

Ключевые слова: кейнсианство, политическая экономия, экономическая теория, неоклассическая теория, капитал.

**ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА
ТЕОРИЯСЫНЫҢ
ЖАУҺАРЛАРЫ**

Жаһандық экономикалық өсу теориясы жауһарларының қатарына Рой Харродтың (1900-1978) «Экономикалық динамика бағыттары туралы» (“Towards a Dynamic Economics”) [1] зерттеу еңбегі жатады.

Р.Ф. Харрод Англияда дүниеге келді. Ол өз өмірінің көп бөлігін Оксфорд университетінің профессоры қызметіне арнаған. Оның шығармашылығына кейін үлкен достыққа ұласқан Дж.М. Кейнспен танысуы шешуші игі әсерін тигізген. Р.Ф. Харрод – Кейнстің негізгі еңбектерінің бірінші оқырманы болды. «Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» [2] мәтініне инвестициялар мен жинақтың арақатысын нақтылайтын арнайы диаграмманы Харрод енгізген болатын. Дж.М. Кейнс қайтыс болғаннан кейін оның толық және терең мазмұнды өмірбаянын Р. Харрод жазып, жариялайды.

Экономикалық циклға кейнсиандық түсіндірме бере отырып, оның себептерін мультипликатор мен акселератордың өзара әрекеттесуінен тапты. Осы өзара әрекеттесуді одан әрі зерттеу Харродтың экономикалық өсу тақырыбына келуін жеделдетіп, 1948 жылы жарияланған «Экономикалық динамика теориясы туралы» кітабында мейлінше дами түсті. Бұл еңбек Харродты әлемге танымал етті, оны Екінші Дүниежүзілік Соғыстан кейінгі кезеңдегі кейнсиандықтың лидері атандырды және неокейнсиандық динамика теориясын жасаушы мәртебесін алып берді.

Харродтың үш бөлімнен тұратын экономикалық өсу үлгісі, ең алдымен, өзі жасап, дәлелдеген өсудің іргелі теңдеуінде өсу қарқыны жинақ үлгісіне тікелей пропорционалды және капитал сыйымдылығын кері пропорционалды деген анықтама арқылы айқындалған. Одан әрі Харродтың үлгісінде кепілді өсу қарқыны теңдеуі мен табиғи өсу қарқынының теңдеуі көрсетілген.

Бұл жерде кепілді өсу қарқыны болжамдық шама ретінде кәсіпкерлер тұрғысынан үздіксіз даму бағытын анықтайды. Ал, табиғи өсу қарқыны болса, ресурспен қамтамасыз етудің осы жағдайындағы ұзақ мерзім бойына өсудің ықтимал жолдарын айғақтайды.

Р.Ф. Харрод өзінің атақты бірінші лекциясында әңгіме экономикалық ғылымдағы статика және динамика ұғымдарын барынша дұрыс анықтауда болып отыр дей келе, зерттеу пәнін

екіге бөліп тұрған осы бөлімдердің мазмұнын дұрыс түсіну және оларды дұрыс шектей білу экономикалық теория ғылымының дамуына қолайлы әсер ететіндігін жариялайды. Оларды бөліп тұрған шектер туралы анық ұғым-түсінік болмауы тіпті оларды шектеу қажеттілігін түсінбеудің өзі осы мәселе бойынша ең жаңа деген еңбектерде, мысалы, экономикалық цикл мәселесі бойынша жұмыстарда көптеген шатасулар мен адасуларға итермеледі. Бұл ұғымдар ол кезде жиі қолданыста болғанымен, оларды дұрыс қолдаудың методологиялық негіздерінің жеткіліксіздігі әрдайым байқалатын еді. Ұғымдарды орынсыз қолдану олардың қажетті сараптаусыз, асығыс қалыптасуына жол береді де, теорияның дамуына нұқсан келтіреді. Статиканың қолдану аясын тарылып, оның маңыздылығын төмендетіп көрсетудің қажеттілігі жоқ. Мұның өзі практикалық маңызы бар, дәстүрлі статика теориясының шынайы және құнды элементтеріне назар аударламауы себебінен олардың бірте-бірте қолданыстан шығып қалу қаупін туындатады.

«Динамика» терминін пайдалану тәжірибесі одан да нашар жағдайда тұр. Мәселе терминнің тұрпайы бұрмалануын тек қана қысқа мерзімді экономикалық құбылыстарды сипаттау үшін пайдаланылып келгендігінде ғана емес, оны пән шеңберінен тыс мәселелерді қарастыру үшін қолдану әрекеттерінде де болса керек. Енді қандай болмасын ұғымда қолдану әрекеті өздігінен туындап, стихиялы түрде дами бастаса, оған қарсылық көрсетуден ештеңе де шықпайды. Кейбір жағдайларды біз сол жаңсақ ұғымның жетегінде кетеміз. Олардың мазмұны теоретиктің терең пайымдалған ғылыми жіктеуі арқылы емес, стихиялы түрде орнығады. Сөз өзінің толық мағынасына «Қоғамдық дамудың стихиялы өнімдерінің» [3] бірі болып табылады. Бұл арада жоспарлы орталықтандыру (централизм) жақтастарының тұрпайы қателіктерін қайталаудың қажеттілігі жоқ болар, сондықтан да адам құқықтары ішіндегі ең маңыздысының бірі – сөз бостандығын әркім-ақ пайдаланады.

Кімде-кім кейбір ұғымдардың қолдану аясы мен мағынасын қалыптасқан бағытына қарамақайшы бағытта анықтағысы келсе, оның байсалды негіздерін жасауы тиіс. Сондықтан да экономикалық теорияның осынау екі бөлімін шектеудің пайдалы нәтижелерін көрсету абзал. Егер біз сөздерге белгілі бір мағына беріп, ал олардың мазмұндық шектерін әртүрлі бағыттарда белгілейтін болсақ, мұның өзі екіге жарылу әсерін мойындау болып табылар еді.

Экономикалық құбылыстар саласында-

ғы статика мен динамика шектеуді физикадағы шектеулер сияқты міндеттейтін болса ғана межесіне жетеді. Физикадағы статика тыныштық қалпымен бойластырылады. Келесідей сұрақ туындайды: физикадағы тыныштық қалпына қатысты «статикалық» экономиканың мәнін қалайша түсіндіруге болады? Біз енді мұны ешкімнің ешнәрсе істемейтін жағдайы деп түсіндірмейміз ғой. Статикалық тепе-теңдік жағдайында егер қосымша әсер етуші факторлар болмаса кейбір шамалар тұрақты деп қабылданады.

Мұндай шамаларға әртүрлі өндіріс факторларының мөлшері әртүрлі өнімдердің жылдық шығарылымы, барлық өндіріс факторлары мен өнімнің барлық түрлерінің бағалары жатады, сонымен статикалық тепе-теңдік бостан-бос болуды емес, керісінше, күннен-күнге, жылдан-жылға артып та, кеміп те кетпей үздіксіз жалғасатын өндірістік жағдай болып табылады.

«Тыныштық» әртүрлі көрсеткіштердің тұрақты болып, өндірістің шеңбер бойынша жалғасуын білдіреді. Бұл арада қозғалыс бар, мүмкін сондықтан да оны физика әлеміндегі «тыныштықпен» салыстыру аса дұрыс емес те шығар және осы жағдай түсініспеушіліктердің себебі де болуы мүмкін. Бірақ соның өзінде-де біз А. Маршалдың кемел, классикалық туындыларын [4] оқитын болсақ, онда «статикалық экономикалық теория» ұғымын осындай өзгеріссіз, бірқалыпты болса да қозғалыстағы үдеріске қатысты ғана қолдануымыз керек екен. Егер біз мұны осы мәнінде қабылдайтын болсақ онда динамика ұғымын өнім шығару деңгейі өзгеріп тұратын экономикаға жатқызу қажет болады. Онда біз физикадағы жылдамдық ұғымына сәйкес экономикада жылдық өнім шығарылымының тұрақты өзгеру дәрежесін (өсуін немесе кемуін) көретін боламыз, бұл арадағы жеделдету немесе баяулату өзгеру дәрежесінің өзін өзгерту болып шығады.

Экономикалық статикада біз белгілі бір шарттарды – халықтың саны мен мүмкіндіктерін, жер аумағын, бейімділіктерді, талғамдарды т.с.с. берілген және белгілі шамалар ретінде қабылдаймыз және осы шамалар кейбір белгісіз шамаларды – әрбір тауардың немесе қызмет көрсетудің жылдық шығарылымын, оларды өндіретін факторлар, бағасын және тауарлар мен қызмет көрсетулердің дербес бағаларын анықтауы тиіс.

Динамикада болса керісінше, негізгі шарттардың өздері өзгерістерге ұшырайды, сондықтан жетілуі қажет теңдеулердің белгісіздері қатарында өнім шығарылымының жылдық нормасы емес, осы нормалардың артуы немесе кемуі тұратын болады.

Экономикалық статиканы жоққа шығаруға тырысатын авторлардың пікірін солардың өздерінің зерттеулерін пайдалана отырып статика теориясы өте жедел, жан-жақты хабардар, өте болжағыш т.с.с. теория екендігін дәлелдеуге болады. Экономикалық статиканың негізгі саласы болып табылатын халықаралық сауда жеделдіктен ада болжамдарға негізделген. Теорияның «халықаралық сауда» деп аталатын бөлімінде көрсетілген қағидаттарды ішкі шаруашылық қатынастарына да қолдануға болады, бірақ соның өзінде оны осы шаруашылық шеңберіндегі жеделдіктің жетіспеушілігі анықталған жағдайларға қатысты қолданады. Жан-жақты талдап жасалған статика теориясының негізінде жеделдіктен ада болжамдар жататын болса, онда ол өзінің шеңберінен шыға алмайды.

Кез келген өзгерісті экономикалық динамика саласына жатқызу да қателік болар еді. Ауық-ауық өзгерістерге байланысты проблемалар статикалық теория әдістері арқылы талдап жасалынуы әбден мүмкін. Басқа әдістердің көмегіне үдеріс үздіксіз өзгерістерге ұшырайтын жағдайларда жүгіну қажет. Егер қозғалыс кезінде әрекеті басталған күштер көрсетілетін болса және бұл жаңа позицияны статикалық теңдеулер арқылы анықтау мүмкін болмай қалса, онда мәселе қиындай бастайды. Соның өзінде де тұрақты немесе тұрақсыз тепе-теңдік мәселелері және белгісіздіктің мүмкін болар шектері статика құрылымдары көмегімен зерттеледі. Егер экономикалық динамика теориясы талдап жасалынатын болса, онда ауық-ауық өзгерістерге қатысты проблемаларды зерттеулер статиканың еншісінде қалып, динамика ұзақ мерзімді өзгерістер мен өзгеріске ұшыраған шамалардың өзгеру дәрежесін анықтау ісімен арнайы шұғылданған болар еді.

Өзгерістер мен өзгерістің айнымалы сипаты сенімсіздік элементіне байланысты болғандықтан, ал бір жылғы орын алатын өзгерістер үздіксіз өзгерістерге қарағанда сенімсіздікті көбірек туындататынын ескерсек, онда пайда теориясы статика саласына жатқызылуы тиіс.

Есептелетін шамалар шеңберіне күтулерді енгізу кейде динамикалық факторды қосу ретінде қарастырылып жүр. Күту әр уақытта статикалық тепе-теңдік детерминанттарының (анықтаушыларының) бірі болып табылады. Күтудегі бір жолғы өзгерістің талғамдардағы бір жолғы өзгерістерден қағидатты айырмашылығы жоқ. Егер талдап жасалған динамикалық қағидаттар жүйесі болса, онда күтулер теориясының маңызды бөлігі соған тиесілі болар еді. Динамикалық

жүйедегі детерминант белгілі бір күтудің болуы күту өзгерісінің нормасы болып табылады.

Р.Ф. Харрод өз еңбегінде Хикстің “Күн және капитал” [5] атты еңбегін жоғары бағалайды және оның теорияға қосқан үлесінің маңыздылығын мойындайды. Дегенмен, бұл жұмыстың III және IV бөлімдеріндегі экономикалық динамика туралы Хикстің пікірі бойынша, динамика анықтамасына сәйкес емес. Хикс өне бойы негізгі шарттардың ауық-ауық өзгерістері нәтижелерін сараптайды. Онда ұзақ мерзімді өзгерістер нәтижелерін зерттеу үшін басқа әдістердің қажеттілігі туралы ештеңе айтылмайды. Күтулердің икемділігі механизмін және белгілі бір мөлшерде лагтарды сараптау жолымен дәстүрлі статика теориясы байқамаған тетіктердің мүмкіндіктерін көрсетеді, сонымен бірге ол тұрақсыздық (белгілі бір жағдайларда) ықтималдығы туралы ескерту жасайды. Соның өзінде оның түпкі мақсаты ескі типтегі тұрақты тепе-теңдіктің орнығуын көрсету болып табылады. Хикстің еңбектерінде біздің ізденістеріміздің заты тәуелді айнымалылардың әрқайсысының тұрақты өзгеріс дәрежесін табу екендігін және оның өзі жоғары-төмен тербелістерін айтылғанда ұзақ мерзімді өзгерістердің нақты немесе қалыпты әсері екендігі туралы ешнәрсе де жоқ.

Прогресс (немесе регресс) жолындағы шаруашылықта өзгеріп тұратын негізгі шарттар талап ететін тұрақты өсуге жету мүмкіндігі болмайтын да шығар, дәл осылайша өзінің талап сипаты бойынша статикалық шаруашылықты да жекелеген өзгерістердің немесе тербелістердің тұрақты әсеріне байланысты негізгі шарттарда көрсетілген тұрақты тепе-теңдікке жетудің ешқандай мүмкіндігі жоқ. Бірақ әрбір сәтте жүзеге асып жатпаса да тұрақты тепе-теңдіктің қандай болатындығын білу өте маңызды, дәл осылайша динамика жағдайларында да шаруашылықтың үдемелі қозғалысының тұрақты бағыттары қандай болуы қажеттілігін білу маңызды, себебі олар нақты өмірдегі қозғалыстың осы бағыттан ауытқу себептерін сараптау үшін негіз бола алады. Осылар туралы Хикстің еңбегінде бірде-бір сөз жоқ.

Хикс жүргізген күтулер өзгерісінің сараптамасы және оларды себеп ретінде де, сол себептердің салдары ретінде де қарастыру экономикалық теория үшін өте маңызды болып табылады және өзінің сипаты бойынша толықтай статика саласына жатады.

Пәнін қалыптастыру және зерттеу сипаты бойынша Кейнстің “Жалпы теориясы” Харродтің пікірінше статикалық болып табылады. Амалсыз

жұмыссыздық шын мәнінде классиктердің ойлау жүйесіне жат ұғым болып табылады, бірақ бұл статикалық ұғым. Өтімділікті таңдау туралы ереженің де сипаты осындай. Өтімділікті таңдаудың өзін кейінгі идеялар жүйелеріне сәйкес бірқатар негізгі шарттар арқылы анықталатындықтан өзгеріссіз деп қабылдауға болады. Бұдан пайда болатын шаруашылық белсенділігі мен жұмыспен қамтуға әсер тұрақты тепе-теңдік нысанын қабылдай алады. Кейін өтімділікті таңдауда өзгерістер туындайтын күтулер жағдайындағы өзгерістер туралы бірқатар пікірлер айта алады. Дегенмен, оның мәселені анықтауы бойыншы бұл өзгерістердің барлығы эпизодтық өзгерістер ретінде қалыптастырылады. Сондықтан статикалық сипатта жүреді.

Сайып келгенде, Кейнстің “Жалпы теориясында” басты рөлді бейстатикалық ұғым атқарады, сондықтан да “Жалпы теорияда” зор рөл атқаратын оңды жинақ өзінің мән-мазмұны бойынша динамикалық ұғым болып табылады. Мұның іргелі маңызы бар. Табыстың бір бөлігін тұрақты түрде жинақ мақсаттарына бөлу өзінің мәні бойынша динамикаға қатысты, себебі ол жүйенің негізгі детерминанттары бірінің үздіксіз жоғарылауын көрсетеді, атап айтқанда қолда бар капиталдық өсуін байқатады. Мұның өзі міндетті түрде көптеген тәуелді айнымалылар мәндерінің өзгерістерін туындатады. Бұл үдеріс басқа детерминанттар өзгеріссіз қалғанның өзінде де жүре беретін болады.

Дж.М. Кейнстің “Жалпы теориясы” туралы пікірін білдірген Р. Харрод бұл еңбектің экономика ғылымын дамытудағы ұлы мәні мен аңыздылығын баса көрсетеді. Аталмыш жұмыстың бір кемшілігіне зерттеу пәні статикалық тепе-теңдікті сараптау бола тұра оңды жинақ сияқты динамикалық ұғымды да сол зерттеулер қатарына қосып жіберуін атайды. Харродтың пікірі бойынша, бұл еңбектегі капиталдың шекті тиімділігінің графигі басқа жүйелерден тәуелсіз, өзінше бөлек мәселе ретінде қалыптастырылуы тиіс еді. Оның оқтын-оқтын бірқатар өзгерістерге ұшырауы эпизодтық сипатта жүреді, сондықтан даму үстіндегі шаруашылыққа тән жағдайлар туындататын тұрақты өзгерістерге жатпайды. Басқаша айтқанда Кейнс бұл арада, әдетте акселерация қағидасы деп аталатын қағидатты елеп, ескермейді. Акселерация қағидасы өзінің мәні бойынша динамикалық екендігі даусыз, себебі осы қағидаға сәйкес жаңа капиталға сұраныс көлемі экономикалық өсу қарқынының функциясы болып табылады.

Атақты ғалым экономистер Тинберген [6],

Калецкий [7] және т.б. уақыт бойынша лагтардың (өзара байланысты экономикалық шамалар қозғалысындағы бір-бірінен артта қалушылық аралығы) әсеріне арналған маңызды зерттеулеріне қатысты Р. Харрод лагтар тек циклды зерттеуде стационарлық және өскелең шаруашылықтарда бөлшектене, дербес зерттелуі тиіс деген пікір айтады. Экономикалық теорияға статика мен динамикадан басқа, бірақ солармен байланысты екі бөлімді енгізу қажеттілігіне тоқталған Р. Харрод жарым-жартылай тепе-теңдік теориясы мен жалпы тепе-теңдік теориясы арасында айырмашылық бар, екі теорияның да Смиттен [8] бастап Вальрасқа [9] дейінгі экономистердің назарын өзіне тұрақты түрде аударғаны белгілі. Кейнс өзінің “Жалпы теориясында” тепе-теңдіктер саласына жаңа бағыт әкелді. Ол шын мәнінде жаңа экономикалық негіз қалады. Классикалық теорияға сәйкес әрбір тұлғаның жеке өзінің жинақтауға бейімділігінің арта түсуі жинақтауға жиынтық бейімділікті және бүкіл қоғам жинағының сомасын көбейтеді. Кейнстің жүйесінде әрбір тұлғаның жинақтауға бейімділігінің артуы жинақтың жалпы сомасы шамасын қысқарта түседі. Классикалық жүйеде мұндай ештеңе жоқ. Кейнстің бұл жаңа идеясы өзінің өміршеңдігін дәлелдейтін болады. Бұл идея тұрақты дамушы шаруашылықтың динамикалық теориясында көрнекті рөл атқаруы даусыз.

Р. Харрод өзінің еңбегінде кейбір конструктивті ұсыныстар жасайды. Біз, қазір, – дейді ғалым-экономист, – негізгі экономикалық қағидаттар ретінде қарастырып жүрген жүйеден динамикалық элементтер түсіп қалған. Шектілік және математикалық белгілер ұғымын қолдану арқылы статикалық сараптама дәлірек және жан-жақты бола түссе, динамикалық сараптама назардан тыс қалды. Мұның себебі шекті пайдалылық теориясына негізделген сараптаудың динамикада тым аз қолданылуында болса керек. Динамиканы шеттету қателіктерін Маршаллдың [10] мысалында анық көрсетуге болады. Біз оның дәстүрлі теория мұрасының үзінді, кесінділерін қаншалықты сүйіспеншілікпен жинағаны туралы білеміз. Оның жер рентасы өндіріс шығындарына жатпайды деген көзқарасы баршаға белгілі. Тіпті жалақының темірдей заңы оның еңбектерінде тағы да кездеседі. Маршал бұл заңды жұмсартып, қабылдауға болатын нысанда беруге тырысқанымен, мағынасы сол күйінде қалған. Оның “Саяси экономия негіздерін” қайтадан оқып, ескі классикалық мектеп өкілдері назарының кем дегенде жартысын бөлетін динамикалық теорияның ізін де таппадым. Бәлкім, мен

Маршалға қатысты әділетсіздік көрсетіп отырған шығармын: динамикалық теория ол аяқтауға үлгермеген төртінші томда көрінуі мүмкін еді.

Көрнекі болу үшін Р. Харрод, Д. Рикардо еңбегінен мысал келтіреді. Оның алғы сөзінде біз мынадай атақты сөздерге кездесеміз: “Саяси экономияның басты міндеті – бөлуді реттейтін заңдарды белгілеу”.

Рикардо үшін бірінші қозғаушы күш қорлану үрдісі болды. Қорлануды біз қазір жинақ деп атаймыз және мұны Рикардо динамикалық ұғым ретінде қабылдаған болатын. Жинақты статикалық теңдеулер жүйесіне қосып қарастыратын қателікте Рикардоның кінәсі жоқ. Жинақтың оңды мәні орын алып тұрған кезде қоғамның формасы прогрессивті түрде өзгеруі тиіс. Рикардо атауын пайдаланбаған, бірақ негізін қалаған жалақы қоры теориясына сәйкес қорлану үрдістері жалақының нарықтық мөлшерлемелерін жоғарылата түседі. Ал мұның өзі Мальтустың іліміне сәйкес халық санының өсуіне ықпал ететін болады. Табыстылықтың кемуі заңы бойынша капитал мен еңбектің шекті өнімі уақыт ағысымен төмендеуі тиіс, бірақ халық санының өсуі жалақыны өмір сүруге қажетті қаражаттың ең аз мөлшері деңгейінде тұрақты ұстап тұруы себе-

бінен немесе Рикардо бойынша айтқанда тепе-теңдік деңгейінде ұстап тұру кезінде, егер нақты жалақы шамасы тұрақты деп болжаған болса, онда шекті өнім құрамындағы еңбек үлесі жоғарылайды. Сондықтан капитал бірілігіне шаққандағы нақты пайда құлдырайды. Бұл дұрыс және ол біз Рикардомен бірге құнды еңбекпен бе немесе шығарылған өнім көлемімен бе, қалай өлшейтін болсақ та солай болып қала береді. Осы уақыттың ішінде рента да өсе түсетін болады. Бұл тәптіштеле зерттелген болса да аяқталған динамикалық теория екендігі күмән келтірмейді. Қандай болмасын жинақ бар кезде байлықты бөлу белгілі бір қағидаттарға сәйкес өзгереді, себебі рента жоғарылайды.

Пайда нөлге дейін құлдыраған кезде қандай жағдай қалыптасады деген сұрақ әрқашан-ақ қойылады. Ал бұл сұраққа Д. Рикардо әлдеқашан жауап берген болатын: қорлануға ынта жоғалуы тиіс. Яғни Рикардо оңды пайыз мөлшерлемесі сақталатын стационарлық жағдай қалыптасуы мүмкіндігін жоққа шығармаған. Сол кезде саяси экономия атауымен белгілі теориялық ұғымдар жүйесінде динамикалық теорияның қаншалықты маңызды орын алатындығы айтпаса да түсінікті болуы тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Харрод Р. К теории экономической динамики (классика кейнсианства). – М., 1997. – С. 4-15, 28-39, 48-61.
- 2 Кейнс Дж.М. Общая теория занятости, процента и денег. – М.: Избр. произ, 1993. – С. 117-123.
- 3 Hayek F. Full employment at any price. – L., 1975. – P. 73-76.
- 4 Маршалл А. Принципы экономической науки. – Т. 1. – М., 1993. – С. 81-90.
- 5 Hicks S. Value and Capital. – Oxford, 1975. – P. 123-127.
- 6 Тинберген Я. О теории «оптимального строя». The New Palgrave Dictionary of Economics. – L., 1998. – С. 323.
- 7 Калецкий М. Очерк теории роста социалистической экономики. – М., 1970. – С. 112-115.
- 8 Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. – М., 1986. – С. 12-13.
- 9 Вальрас Л. О «теории равновесия». The New Palgrave Dictionary of Economics. – L., 1998. – С. 121.
- 10 Рикардо Д. С.М. – Т. 1. – М., 1955. – С. 33.

References

- 1 Kharrod R. K teorii ekonomicheskoi dinamiki (klassika keinsianstva). – M., 1997. – S. 4-15, 28-39, 48-61.
- 2 Keins Dzh.M. Obshchaya teoriya zanyatosti, protsenta i deneg. – M.: Izbr. proiz, 1993. – S. 117-123.
- 3 Hayek F. Full employment at any price. – L., 1975. – P. 73-76.
- 4 Marshall A. Printsipy ekonomicheskoi nauki. – T. 1. – M., 1993. – S. 81-90.
- 5 Hicks S. Value and Capital. – Oxford, 1975. – P. 123-127.
- 6 Tinbergen Ya. O teorii “optimal’nogo stroya”. The New Palgrave Dictionary of Economics. – L., 1998. – S. 323.
- 7 Kaleskiy M. Ocherk teorii rosta sotsialisticheskoi ekonomiki. – M., 1970. – S. 112-115.
- 8 Smit A. Issledovanie o prirode i prichinakh bogatstva narodov. – M., 1986. – S. 12-13.
- 9 Val’ras L. O “teorii ravnovesiya”. The New Palgrave Dictionary of Economics. – L., 1998. – S. 121.
- 10 Rikardo D. S. M. – T. 1. – M., 1955. – S. 33.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Mukhtarova K. S., Sayatova M.S.</i> Current status and prospects of corporate governance in Kazakhstan.....	4
<i>Байдильдина А.М.</i> Анализ и управление стоимостью бизнеса в условиях кризиса.....	10
<i>Кунанбаева Д.А., Амангельдин Д.Б.</i> Реабилитация и банкротство в законодательной практике Республики Казахстан	16
<i>Джумамбаев С.К., Жидебекқызы А.</i> Жобаны басқаруда жүзеге асатын опциондарды қолдану	22
<i>Альжанова Н.Ш., Бейсенова А.С.</i> Устойчивое развитие государственного управления: предложения по совершенствованию функционального анализа в государственных органах.....	30
<i>Казбекова Ж.Б.</i> Совершенствование методов обучения финансовых дисциплин путем создания проблемной ситуации	36
<i>Бимендиева Л.А., Тұрымбетова А.А.</i> Сақтандыру нарығындағы жаңа қаржылық құрал: такафул – исламдық сақтандыру.....	42
<i>Алтаев Б.Ш., Тайтаразова М.Б.</i> Белгісіздік және тәуекелділік жағдайында басқарушылық шешімдер қабылдау	52
<i>Бәйгісіев М.К., Оңдаш А.О.</i> Әлемдік экономика теориясының жауһарлары	62
<i>Dzhulaeva A.M., Marzhanova A.S.</i> Methods and tools for the development of the competence of personnel in Kazakhstan	68
<i>Какижанова Т.И., Асқарова Ж.А., Марат Ш.</i> Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығының даму мәселелері мен перспективалары.....	72
<i>Қарғабаева Д.Т., Маралбаева Ш.М., Қарғабаева Д.Т.</i> Суперикемді компанияларды құру қағидалары.....	78
<i>Kipeshova S.</i> Government Regulations on Innovations.....	82
<i>Tazhiyeva S.K., Otarbayeva A.H.</i> Competence management as a factor of the organization adoption to the external environment in implementing the personnel management strategy	88
<i>Козум О.Ю.</i> Особенности порядка формирования и учета доходов предприятия.....	96
<i>Нұрсейтова Г.Б., Есмұрзаева А.Б.</i> Қазақстандағы жобалық басқарудың ерекшеліктері мен даму келешегі	104
<i>Мырзахметова А.М., Мерекенова А.С.</i> Банковская система Казахстана в условиях региональной интеграции	110
<i>Смирнова Е.В.</i> Социальная ответственность бизнеса в странах Центральной Азии: сравнительный анализ	118
<i>Бордоусов О.В., Ишуова Ж.Ш.</i> Современные подходы к оценке производственных функций	128
<i>Мунасипова М.Е., Султанов Д.С., Асанова А.</i> Современное состояние и тенденции развития страхования в Республике Казахстан	134
<i>Kenzhegaranova M.K.</i> On the questions of theories and technologies of continuous improvement	140
<i>Галымкаир А.</i> Научаемость инновационного проекта: особенности измерения и управления	146
<i>Мухтар Е.С., Маденова М.С.</i> Основные проблемы международных перевозок по международным транспортным коридорам в рамках ЕАЭС	152
<i>Жунусова С.К.</i> Индекс равноправия полов: преодоление гендерного разрыва	158
<i>Хусаинова А.Т.</i> Понятие, сильные и слабые стороны виртуальных команд и их отличие от традиционных команд проекта.....	164
<i>Безруков А.А.</i> Бюджетирование как механизм развития инновационной деятельности предприятия	170
Авторлар туралы мәлімет.....	176